ХАТТАМА
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және жалпы қоғамда қабылданған әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу туралы

2026 жылғы 20 ақпан
10 сағат 00 минут

Өскемен қаласы

Өткізілген орын: ШҚО, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 59/1, 9-шы қабат
Төрағалық етуші: «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) аппарат басшысы – корпоративтік хатшы Р.А. Арыстанбек.
Қатысқандар: Қоғам қызметкерлері.
Шақырылған тұлғалар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-да бекітілген сыйлықтарды беру Ережесімен таныстыру және Ереже талаптарының орындалуы туралы.

Баяндамашы: Қоғамның комплаенс-офицері Е.Б. Кижиков.

Жиынды Қоғамның аппарат басшысы – корпоративтік хатшы Р.А. Арыстанбек ашып, алда келе жатқан мерекелер алдында Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мүлтіксіз орындау қажеттілігін, сонымен қатар Қоғам қызметкерлерімен серіктестерден және үшінші тұлғалармен сыйлықтар алу заңға қарама-қайшы екендігін атап өтті.

Бұдан әрі, сөз кезегі баяндамашы Е.Б. Кижиковке берілді.

Өз кезегінде, Е.Б. Кижиков қатысушыларды Қоғамның сыйлықтарды беру Ережесінің негізгі талаптарымен және төмендегідей ақпараттармен таныстырды:

Қоғамда, 31.10.2024ж. Директорлар кеңесінің №59 шешімімен бекітілген сыйлықтарды беру Ережесі бекітіліп, енгізілген.

Құжатталған бұл рәсімнің мақсаты - сыбайлас жемқорлықтың көрінісі ретінде қаралуы мүмкін сыйлықтарды ұсынуды немесе қабылдауды болғызбауға бағытталған әрекеттерді регламенттеу.

Қоғам қызметкерінің өзінің тиісті реттелген қызметінен ерекшеленетін белгілі бір жолмен іс-әрекет (әрекетсіздік) үшін сыйлық немесе қызмет қабылдауы - пара болып табылады.

Қоғам қызметкерлерінің қолма-қол ақша, чектер, барлық түрдегі ақша аударымдары, атаулы депозиттер, сыйлық төлем карталары, акциялар немесе өзге де бағалы қағаздар, бағалы металдардан жасалған бұйымдар, антикварлық бұйымдар, сәнді заттар және т. б. сияқты ақшалай сыйлықтарды қабылдауына қатаң тыйым салынады.

Жиын соңында баяндамашы қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Аппарат басшысы -
корпоративтік хатшы **Р. Арыстанбек**